

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЕРЕКШЕЛІГІ

*К.А.Кузембаева,
Педагогикалық шеберлік орталығының аға менеджері
Нұр-Сұлтан қ.
Р.Д.Абылғазина
Педагогикалық шеберлік орталығының
(Өскемен қаласындағы филиалы)
аға менеджері
Өскемен қ.
А.Ш.Танирбергена
П.з.к.
Педагогикалық шеберлік орталығы
Нұр-Сұлтан қ.*

Заман талабына сай білім саласында оқушылардың шығармашылық тапсырмалар арқылы дарындылықтарын айқындау, сыни ойлану, зерттеу, проблеманы қойып оны шешу, алған білімдерін өмірде қолдану дағдыларын дамыту көрініс табуда. Америкалық психологтердің анықтамасы бойынша: шығармашылық дегеніміз—бұл тани білу, жаңа нәрсені анықтауға ұмтылу нәтижесінде жаңа материалдық, құнды дүние тудыратын әрекет дейді. Педагогикалық тұрғыда шығармашылық адамның белсенділігі мен өз бетінше жұмыс істеуінің жоғарғы түрі және ол әлеуметтік қажеттілігі және өзіндік ерекшелігімен бағаланады. Тұлғада шығармашылықпен айналысуға деген тұрақты қажеттілік, тұрақты сұраныс ғана емес, өз ісінен қанағат табу сезімі де болуы қажет.

Қазіргі таңдағы жаңартылған білім беру аясында тәжірибелік тапсырмаларға көңіл бөлініп, оқушылардың дағдыларын дамыту мен өз тәжірибесі арқылы үйренуіне педагогтер мүмкіндік беруде. Оқушылардың белсенді оқуға баруы, олардың тәжірибе барысында үйреніп, ынталануы, өзін-өзі реттеуі, «тың идея қостым, жаңалыққа себепші болдым» деген ойы қабілеттерінің ашылуына түрткі болып отыр. Осы тәжірибеден түйген ой—ғалымдар пікірінің дұрыстығы.

Адамның ерекше қабілеттілігі оның туа біткен жеке қасиеттерімен байланысты. Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, олар ана құрсағында жатқаннан бастап баланың дамуына анасы қоршаған ортамен қарым-қатынасын реттеп, психологиялық, әлеуметтік, танымдық дамуына көңіл бөлсе, ерекше қабілеттері ашылады деп тұжырымдайды. Қабілет—тұлғаның кез-келген іс-әрекетті табысты орындауы. Дарындылық — адамның белгілі бір іс-әрекет түріне ерекше қабілетті болуы. Дарындылық — жеке тұлғаның өте күрделі, көп аспектілі қыры деп қарастырады. Оқушылардың іс-әрекетін

зерттеу, бақылау барысында олардың қабілеттерін байқамау мүмкін емес. Бақылау барысында: еркін кеңістікте сенімділік орнап, олар іс-әрекеттерімен ортаны баурап, жұмысқа бейімделіп, өз әлемінің режиссері ретінде ерекше көзге түседі. Шығармашылық дарындылық бойынша бала өз бетінше жаңа бір бейне құрумен сипатталады. Іс-әрекеттің қандай түрінде болсын жаңа нәрсені ойлап табу, тәжірибесіне өзгеріс енгізу, өзіндік жеке даралық дамудың көрінісі екенін дәлелдеп отыр.

Дарындылық белгілері баланың нақты жұмысында және оның іс-әрекеттерінің сипатын қадағалау деңгейінде анықтау оның тапсырманы орындаудағы жоғары деңгейімен айқындалады. Баланың қабілеті «мен жасай аламын» және «мен қалаймын» деген категориямен ерекшеленеді. Сондықтан қабілеттің белгілері дарынды баланың мінез-құлқының екі аспектісін қамтиды: аспаптық (инструментальный) және мотивациялық. Аспаптық аспект оның жұмысты орындаудағы іс-әрекет жолдарын сипаттайды. Мотивациялық аспект – баланың жасаған жұмысына басқа жағынан қарағандағы шынайы көзқарасы.

Оқушылардың өнімді, сапалы, табысты жұмыс жасауына педагогтер жағымды орта құру, саралау тәсілдемелерін қолдану, қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы тәжірибе сабақтарында оң нәтижеге қол жеткізіп отыр. Сонымен қатар айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытуда оқушылардың жас ерекшеліктері де ескеріліп шығармашылық дарындылық тапсырмалары еркін жұмыс жасауға, ойлау деңгейлерінің дамуына мүмкіндік беретініне көз жеткізді. «Мен естігенімді ұмытып қаламын, көргенімді есіме сақтаймын, мен өзім жасағанда – түсінемін» қағидаты – оқушылардың өз тәжірибесі арқылы үйренетінін және шығармашыл оқушылардың дарындылығының ашылатындығының дәлелі. Көрнекті психолог Л.В.Выготский шығармашылық деп жаңалық ашатын әрекетті атаған. Өзінің жұмысының нәтижесін көріп, жаңа тың идея ойлаған оқушылардың жаңа сапалық деңгейі көтеріліп, мүмкіндігіне қарай қабілетсіз баланың болмайтынына қоғамдағы факторлар дәлел.

Оқушылардың іс-әрекетін бақылауда және шығармашылық қабілеттерін дамытуда мән беретін үш ерекшелік:

- 1) оқушының танымдық қабілеттері мен дағдылары,
- 2) шығармашылық қабілеттері,
- 3) эмоционалды ерекшеліктері

Оқушының танымдық қабілеттері мен дағдылары	Шығармашылық қабілеттері	Эмоционалды ерекшеліктері
• үлкен ақпарат көлемін меңгеруі	• қатерге қабілеттілігі • дивергентті ойлауы	• реалистік мен — тұжырымдамасы

• сөздік қорының бай болуы. • себеп-салдарлы байланыстарды анықтау. • жасырын тәуелділіктер мен байланыстарды табуы. • қорытындыларды жасай білуі. • күрделі проблемаларды шешуге қатысуы. • ақпаратты ұйымдастыруы. • көзге көрінбейтін айырмашылықтарды байқай білу шеберлігі. • ситуацияларды талдай білуі. • процестің өзі сияқты нәтижені де бағалай білу шеберлігі. • болжам құра білуі • идеяларды практикада қолдана білуі. • ойлаудағы сыншылдығы • жоғары дәрежедегі білімге құмарлығы.	• ойлау мен іс-әрекеттегі икемділігі • ойлау тездігі • ерекше идеялар айта білуі, жаңа нәрсе ойлап табуы • қиялға бай • жоғары эстетикалық құндылықтары • дамыған интуициясы	• өзгелерге сыйластығы • адамдарға эмпатиялық қарым-қатынасы • өзге адамдар ерекшеліктеріне шыдамдылығы • өзін талдауға бейімділігі • сынға шыдамды көзқарасы • тапсырманы орындаудағы табандылығы • жарысқұмарлығы • ойлаудағы тәуелсіздігі • әзіл сезімі • өз күші мен қабілетіне сенімділігі • ішкі мотивациясы.
---	---	---

1- кесте. Шығармашылық дарындылыққа мән беретін үш ерекшелік[4]

Шығармашылық тапсырмаларды орындаудағы іс-әрекеттерін бақылауда аталған үш ерекшелікке мән беріп, жұмыс соңында оқушылардың қабілеттерінің басымдығын анықтауға болады.

Ерекше қабілетті оқушылардың мінез-құлқының ешкімге ұқсамайтын белгілерін атақты американдық ғалым Торранс сауалнамасы арқылы байқауға болады. Бұл сауалнамадан мұғалімдер өз оқушыларының жеке және іскерлік қасиеттерін кездестіреді. «+» белгісімен оқушыларының ұнайтын қасиеттерін, «-» белгісімен ұнамайтын қасиеттерін белгілеп шығады.

№	Сұрақтар	«+»	«-»
1.	Тәртіпті		
2.	Үлгерімі бір қалыпты емес		
3.	Ұйымдастырылған		
4.	Жалпы қарқынға ілесе алмайды (топта, ортада кейде баяу, кейде жылдам)		
5.	Эрудитті		
6.	Мінезі түсініксіз. Таңқаларлық		
7.	Кез-келген істі басқара біледі		
8.	Сыныпта ескертусіз шығып жүре беретін		
9.	Сабақ үлгерімі қалыпты (үнемі жақсы оқиды)		
10.	Сабақ үстінде өз ісімен айналысып отырады (индивидуалист)		
11.	Жылдам, тез арада орындайтын		
12.	Қарым-қатынасқа түсе алмайтын, (конфликтілі)		
13.	Жайлы және жеңіл қарым-қатынасқа түсе алады		
14.	Не айқын екенін түсінбейді, кейде баяу,		
15.	Өз ойын түсінікті және нақты жеткізеді		
16.	Жетекшілерге немесе көпшілікке бағына бермейді		

2- кесте. П.Торранс сауалнамасы [1]

П.Торранс өзінің шығармашылық дарындылықты зерттеу тәжірибесінен айқындаған қорытындысымен педагогтерді таң қалдыруы мүмкін. Сауалнамадағы 2, 4, 6, 8, 10, 12, 14, 16 жұп сандарда «+» таңбасымен белгіленсе ерекше дарынды және шығармашыл балалар екенін көрсетеді. Торранс зерттеуінен қандай ой түйеміз: Әр оқушының мінезіндегі келеңсіздіктер мен олардың ашылмай жатқан қабілеттерін ескере отырып шығармашылық тапсырмаларды, орындалмаған потенциалды мүмкіндіктерін іске асыру, «мен жасай аламын» және «мен қалаймын»

категориялары ескеріліп, қажеттіліктерін қанағаттандыратындай түрлендіріп отыру қажет.

Сол себептен дарын иелерінің құпия қыры мен сыры мол екенін түсініп, бар болмысымен қабылдап, өздігінен қызығып жұмыс жасауға белсенді оқу тапсырмаларын ұйымдастырып, шығармашылық дарындылығын дамыту жүйесі мұқият ойластырып, жүзеге асыру, өз әлемін дамытуға кешенді түрде мүмкіндік беру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Выготский Л.С. Психология-М.2000
2. Ерматов Ш.Р. Дарынды балаларға арналған мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамыту туралы\\ Білім-образование.2009. №5, 3-5 б.
3. Ақменбетов Қ.Ж. Дарындылықтың теориялық негіздері//Педагогика мәселелері.2009, №2,130-131 б.
- 4.Елубаев А.О. Дарынды оқушыларды тану ерекшелігі// Дарын.2009.№5,112-116 б.
- 5.Шырынбаева Г.К. Оқушы дарындылығын анықтау теориясына негізделген мұғалім қызметі//2010